

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ

Ғылыми кеңеспен бекітілді

Ғылыми кеңестің төрағасы

16 » 02 2026 ж. № 10 хаттама

М. Төлеген

02 2026 ж.



D050 – ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ ЭТИКА БІЛІМ БЕРУ
БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ ТОБЫ БОЙЫНША ДОКТОРАНТУРАҒА
ТҮСУ ЕМТИХАНЫНЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ

Өскемен, 2026

Докторантураға түсу емтиханының бағдарламасы «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығы негізінде жасалынды

«Қазақстан тарихы және әлеуметтік гуманитарлық пәндер» кафедрасының отырысында қаралды және ұсынылды.

« 04 » 02 2026 ж. № 6 хаттама

«Қазақстан тарихы және әлеуметтік гуманитарлық пәндер»
Кафедрасының меңгерушісі

А.К. Нурбекова

Гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебінің шешімі бойынша мақұлданды.

« 12 » 02 2026 ж. № 7 хаттама

Гуманитарлық ғылымдар
жоғары мектебінің деканы

С.К.Оразалин

КІРІСПЕ

Қабылдау емтиханының мақсаты докторантураға түсушілердің білім деңгейін және оқуға уәждемесін анықтау болып табылады.

Қабылдау емтиханының міндеттері:

- мамандық мәселелерінде үміткерлердің құзыретін анықтау;
- оқуға және одан әрі кәсіби қызметке уәждемені анықтау;
- докторантурада оқу үрдісінде болашақ докторанттың өзіндік ғылыми, оқытушылық және инновациялық қызметке дайындығын анықтау.

Докторантураға түсу емтиханы компьютерлік форматта өткізіледі және келесі тапсырма түрлерін қамтиды:

- эссе жазу;
- білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарына жауаптар.

D050 – Философия және этика білім беру бағдарламаларының тобы бойынша докторантураға түсу емтиханына келесі сұрақтар ұсынылады.

ЭССЕ ТАҚЫРЫПТАРЫ

№	Эссе тақырыбы
1	Фәлсафаның этикалық мазмұны (Әл-Фараби, әл-Ғазали, Ибн Халдун, Омар Хаям, Ибн Сина, Ибн Рушд және т. б.)
2	Адам адамгершілігінің бастауын зерттеу әдістемесі (миф, дін)
3	Қазіргі жастардың этикалық құндылықтары
4	Қазақ халқының этикалық құндылықтары қоғамдық келісімді жаңғыртудың алғышарты және шарты ретінде
5	Позитивизмнің пайда болуы мен таралуының әлеуметтік-мәдени негіздері
6	Әлемнің қазіргі ғылыми бейнесі
7	Жаһандық әлемнің қалыптасу дәуіріндегі ғылымның негізгі мәселелері
8	Жаңа заманның азаматтық философиясындағы бостандық мәселесі (Гоббс, Локк, Монтескье, Спиноза, Руссо, Вольтер және т. б.)
9	Қоғамдық сананы жаңғырту бағыты ретінде сыни ойлауды қалыптастыру
10	Философия тарихындағы эмпирикалық және рационалистік дәстүр
11	«Адам бол» Абайдың философиялық антропологиясының басты идеясы ретінде
12	Философиялық ой тарихы мен қазіргі философиядағы өмірдің мәні мәселесі
13	Қазақстанның тарихи-философиялық ойының өзіндік сипаты
14	Әл-Фараби философиясындағы ғылымдарды жіктеу (классификациялау) мәселесі
15	Мәдениет категориясының әдіснамалық әлеуеті
16	Әлеуметтік бірегейлік философиялық мәселе ретінде
17	Сана онтологиялық мәселе ретінде
18	XX-XXI ғ. философиялық бағыттарындағы адамның тіршілік ету мәселесі
19	Қазіргі Қазақстанның рухани жаңғыруын жүзеге асырудағы философияның рөлі
20	Қазіргі антропологиядағы адамның мәнін түсінудің негізгі тәсілдері

Эссеге қойылатын талаптар

Эссе түрлері	Эссе түрлері
Мотивациялық	Талапкердің ғылыми-зерттеу қызметіне деген ынталандырушы себептерін негіздеуі (research statement)
Ғылыми-талдамалық	Талапкер ұсынатын зерттеудің өзектілігі мен әдіснамасын негіздеу (research proposal)
Проблемалық-тақырыптық	Пәндік білімнің өзекті аспектілері бойынша авторлық ұстанымды баяндау
Критерилер	Дескрипторлар
Тақырыпты ашу тереңдігі	Мәселе теориялық деңгейде ашылған, ғылыми терминдер мен ұғымдар дұрыс қолданылған, әртүрлі дереккөздерден алынған ақпарат пайдаланылған
	мәселені ашу барысында автордың жеке көзқарасы (ұстанымы, қатынасы) ұсынылған
Дәлелдеме және аргументация	аргументтердің болуы, себеп-салдарлық байланыстарды анықтау, жекеден жалпыға, жалпыдан жекеге қарай ой қорыта білу
Композициялық тұтастық және баяндау логикасы	эссенің композициялық тұтастығы, құрылымдық бөліктердің логикалық байланысы, қорытындылар мен жинақтаулардың болуы
Сөйлеу мәдениеті	академиялық жазудың жоғары деңгейін көрсету (лексика, ғылыми терминологияны меңгеру, грамматика, стилистика)

БІРІНШІ БЛОК СҰРАҚТАРЫ

Ежелгі грек философиясындағы антропологиялық бұрылыс: Сократ және софистер. Философия тарихындағы ақиқат мәселесі. Мифтен логосқа дейін. Ежелгі әлемде философияның пайда болуы. Араб-мұсылман философиясы контекстіндегі ғылым мәселелері. Ежелгі Қытай мен ежелгі Үнді елінің әлеуметтік-философиялық ілімдерін салыстырмалы талдау: ұқсастықтар мен айырмашылықтары. Платон және антикалық Академия. Философиялық және ғылыми білімнің алғашқы жүйеленуі: Аристотель және перипатетиктер. Эллиндік дәуір философиясы (киниктер, эпикурейлер, стоиктер, скептиктер). «Қазақ тіліндегі 100 оқулық» ұлттық жобасы. Философия бойынша оқулықтар. Ежелгі (Антикалық) философия ілімдеріндегі әлеуметтік-философиялық мәселелердің дамуы. Августин Блаженныйдың тарих философиясы. Қайта өрлеу және Реформация дәуірі философиясының әлеуметтік-мәдени негіздері. Қайта өрлеу дәуірінің әлеуметтік утопиялары. Никколо Макиавеллидің философиялық көзқарастары. Жаңа дәуір мен Ағартушылық кезең философиясындағы қоғамды түсінудің өзіндік сипаты мен ерекшеліктері. Томас Хоббс, Джон Локк және Жан-Жак Руссо философиясындағы табиғи құқық және қоғамдық келісім туралы тұжырымдама. Тұлғаның тарихтағы жетекші рөлі туралы идеяның қалыптасуы (Ағартушылық кезең философтарының көзқарастарын талдау негізінде). Карл Маркстің философиялық көзқарастары. Ақындар мен жыраулар шығармашылығындағы әлеуметтік-философиялық идеялар. 20 ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының шығармашылығындағы қазақ халқының тағдыры. Экзистенциализмдегі адам өмірінің мәселесі. Тіл болмыстың конституциялық негізі ретінде (феноменология, герменевтика, неопозитивизм, структурализм). «Тарихтың соңы» философиялық мәселе ретінде (Георг Гегель, Александр Кожев, Фрэнсис Фукуяма). Философияның тарихи түрлері. Антикалық философияның космоцентризмі. Орта ғасыр философиясының теоцентризмі. Ежелгі (Антикалық) философиядағы бастау мәселесі. Ортағасырлық философиядағы реализм мен номинализм полемикасы. Аристотель философиясындағы ғылымдардың жіктелуі (классификациялануы). Жаңа Заман философиясындағы ғылыми таным әдісінің мәселесі. Жаңа заман философиясындағы эмпиризм мен рационализмнің қарама-қайшылығы. Г.Лейбництің монадологиясы. Р. Декарт философиясының антидогматизмі. Гегель диалектикасы. Позитивизмнің даму кезеңдері. XVIII ғ. Еуропадағы Ағартушылық философиясы (Вольтер, Гольбах, Дидро, Руссо және т.б.). Әл-Фарабидің азаматтық философиясы. Метафизикалық онтология: субстанция мәселесі (Декарт, Спиноза, Лейбниц және т.б.). Прагматизм философиясына тән ерекшеліктер. Баден неокантиант мектебі (Риккерт, Виндельбанд). Ф.Шлейермахер, В.Дилтейдің философиялық герменевтикасы. М. Хайдеггердің іргелі (фундаменталды) онтологиясы. Ж.П.Сартрдың атеистік экзистенциализмі. XIX ғ. Қазақ Ағартушылық классиктерінің философиялық көзқарастары, антропоцентризм мен гуманизмі (Ш.Уәлиханұлы, Ы. Алтынсарин, Абай Құнанбайұлы). XIX

ғасырдың аяғы – XX ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақстан жазушылары мен ақындарының әлеуметтік-философиялық, қоғамдық - саяси және этикалық-гуманистік көзқарастары (Ш. Құдайбердиев, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, С. Торайғыров, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев). Классикалық психоанализ және нео-фрейдизм. Постмодерн философиясы. Экзистенциализм: Жаңа философиядағы адам мәселесінің жаңа тұжырымы (К.Ясперс, М. Хайдеггер, Ж.-П. Сартр, А. Камю). Әл-Фараби шығармашылығындағы философия мен діннің өзара байланысы туралы. Ж.Баласағұнның философиялық ілімі. М. Қашқари іліміндегі Түркі құндылықтары. Зар Заман дәуіріндегі ақындардың әлеуметтік көзқарастары. Шәкәрім Құдайбердіұлының философиялық ілімі. Кеңестік кезеңдегі қазақ философиясы. XX ғ. философиялық герменевтика. Логикалық позитивизмнің қалыптасуы. Пирс прагматизмнің негізін қалаушы ретінде. Өмір философиясы және экзистенциализм. Вена үйірмесі. Платонның адам, қоғам және мемлекет туралы идеясы. Үнді философиясының Ортодоксалды мектептері. Конфуцийшілдік және даосизм Қытай философиясының негізгі бағыттары ретінде. Мысырдағы (Египет) діни-мифологиялық тәжірибенің философиялық мәні мен мазмұны. Плотин мен неоплатонизм. Құран және мұсылман дін ілімі, мутакаллимдер мен мутазилиттер мектебінің қалыптасуы. Классикалық сопылықтың философиялық аспектілері (Мухиддин ибн әл-Араби, әл-Ғазали, Қожа Ахмет Яссауи). Араб-мұсылман философиясының әмбебаптығы, энциклопедизм, пантеизм және перипатетизмі (әл-Кинди, әл-Фараби, Ибн-Сина, Ибн-Рушд, Жүсіп Баласағұн, Махмұд Қашқари). Философия өнер ретінде: даралықты (индивидуалдылық) табу (Данте Алигьери, Франческо Петрарка). Реформация философиясы (М.Лютер, Т.Мюнцер, У.Цвингли, Э.Роттердамский, Ж.Кальвин). Жаңа космологияның қалыптасуы, философиялық пантеизм (Н.Кузанский, Н.Коперник, Дж. Бруно, Г.Галилей, Г.И.Кеплер).

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

1. Кенни Э. Батыс философиясының жаңа тарихы. Антика философиясы: [оқулық] / Э. Кенни: Ұлттық аударма бюросы. Қоғамдық қоры. - Т.1. - [б. м.]. – 2018
2. Ғабитов Т.Х. Философия. Оқулық. Т.1-Т.2. - Алматы: 2018 ж.
3. Нұрышева Г.Ж. «Философия» – Алматы: Інжу-маржан, 2016
4. Джонстон Д. Философияның қысқаша тарихы: Сократтан Дерридаға дейін: [оқулық] /Д. Джонстон. - [б. м.]: Ұлттық аударма бюросы. Қоғамдық қоры, 2018.
5. Молдабеков Ж. Ежелгі шығыс: тарихы, мәдениеті, діні және философиясы. Оқу құралы. Алматы: «Қарасай». 2013 ж.
6. Есбол Ғ.Ш Философия: оқу құралы. - Қостанай, 2016.
7. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру». <http://www.akorda.kz>.
8. Нұрышева Г.Ж. «Философия» – Алматы: Інжу-маржан, 2016
9. Кенни Э. Батыс философиясының жаңа тарихы. Орта ғасыр философиясы: [оқулық] /Э.Кенни: Ұлттық аударма бюросы. Қоғамдық қоры. - Т.2. - [б. м.]. - 2018.
10. Хесс Р. Философияның таңдаулы 25 кітабы: [оқулық] / Р.Хесс. - [б. м.]: Ұлттық аударма бюросы. Қоғамдық қоры, 2018

11. Кенни Э.Батыс философиясының жаңа тарихы : [оқулық] / Э. Кенни. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы. Қоғамдық қоры. - (Рухани жаңғыру. Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық) -Т. 3: Қазіргі заман философиясының бастауы. – 2019
12. Бертран Р. «История западной философии» – М.: Издатель Litres, 2018
13. Нуриев М.А., Аташ Б.М., Мошанов С., Маханова Н.Б. Қазақ философиясы: оқу құралы. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ: «Ұлағат» баспасы, 2014
14. Сегизбаев О.А. «Қазақ философиясының тарихы». /перевод. Нурышевой Г.Ж., Сабит, 2017
15. Миронов В.В.» Философия» Учебник. – М.: Проспект, 2016
16. Марков Б.В. «Философия». Учебник для вузов. – М.: Издательский дом «Питер», 2016
17. Масалимова А.Р., Алтаев Ж.А., Касабек А.К. «Казахская философия». Учебное пособие. – Алматы, 2018
18. Кенни Э.Батыс философиясының жаңа тарихы : [оқулық] / Э. Кенни. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы. Қоғамдық қоры. - (Рухани жаңғыру. Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық).-Т. 4 : Қазіргі заман философиясы. – 2019
19. Карен Армстронг Иудаизм, христиандық пен исламдағы 4000 жылдық ізденіс: Құдайтану баяны/ Научн.редактор Кенжетай Д. –Астана, 2018
20. Гомбрих Э. Өнер тарихы: [оқулық] / Э. Гомбрих. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы. Қоғамдық қоры, 2019.

Электрондық емтихан билетіндегі сұрақтарға жауаптарды бағалау критерийлері

Сұрақтың сипаты	
Теориялық – теориялық білімнің деңгейі мен жүйелілігін анықтайды	
Сұрақ 1-сұрақ	Бағалау критерийлері
	зерттелетін пәндік саладағы негізгі үдерістерді білетінін көрсетеді; сұрақтың терең әрі толық ашылуы
	талқыланатын мәселе бойынша өз пікірін логикалық және дәйекті түрде білдіреді
	ұғымдық-категориялық аппаратты, ғылыми терминологияны меңгерген

ЕКІНШІ БЛОК СҰРАҚТАРЫ

Қызметтің әлеуметтік-философиялық теориясы. Қызмет адамдардың қоғамдық өмірінің негізі ретінде. Дін философиясы философиялық білім саласы ретінде. Дін философиясы философиялық білім саласы ретінде. Қоғамның жүйе ретінде қызмет ету салалары. Тарих философиясы философиялық білім саласы ретінде. Мәдениет философиясы философиялық білім саласы ретінде. Білім беру философиясы философиялық білім саласы ретінде. Қазіргі заманның жаһандық мәселелері философиясы. Индивид, даралық, тұлға. Әлеуметтік даму мәселелерін түсінудегі иеліктен шығару (оқшаулау) категориясының әлеуеті. Әлеуметтік қатынастар контекстіндегі адамның өзгеруі (трансформациясы). Материалдық өндіріс қоғамдық дамудың негізі ретінде. Объективация формалары және қоғамдық сананың деңгейлері. Құндылықтар және олардың қоғам өміріндегі ерекше рөлі. Мәдениет философиялық талдаудың пәні ретінде. Мәдениет адамның субъективті болмысының көрінісі ретінде. Мәдениет және өркениет: арақатынас мәселесі. Постиндустриалды қоғам теориялары. Жаһандану жағдайындағы мәдениет. Идеология әлемді бейнелеу формасы ретінде. Қазіргі заман философиясы. Қазіргі заман философиясындағы қоғамды түсінудің негізгі тәсілдері. Адамның пайда болуы және оның болмысының бірегейлігі. Иеліктен шығару (Оқшаулау) қоғамындағы еркіндік мәселесі. Постантропологиялық дәуірдегі адам мәселесі. Сана және бейсаналық. Утопия және антиутопия: әлеуметтік-философиялық талдау. Масс-медиа желілеріндегі адам. Қазақстандағы қоғамдық сананы жаңғырту. Әлеуметтік философия ғылым ретінде. Әлеуметтік философияның негізгі категориялары. Философия тарихындағы тарих идеясы. XX ғ. тарих философиясы. Әлеуметтік қауымдастықтардың түрлері. Философиядағы мемлекеттің пайда болуының негізгі тұжырымдамалары. Гендер философиясы. Ш.Монтескьенің географиялық детерминизмі. Д.Виконның тарихи айналым теориясы. Классикалық ежелгі кезеңнің әлеуметтік ойы. Ағартушылықтың қоғамдық-саяси доктриналары. К. Поппер және «Ашық қоғам» идеясы. З.Фрейд іліміндегі мәдениет теориясы. О.Шпенглердің «Еуропада күннің батуы» (Закат Европы) еңбегі. Тарих философиялық түсіну пәні ретінде. Н.Я.Данилевскийдің тарихи-мәдени түрлері туралы тұжырымдамасы. Постмодерн дәуіріндегі қоғам. Ф. Ницше философиясындағы «Асқан адам» (Сверхчеловека) мәселесі. Философиялық түсініктегі өлім мен өлместік мәселесі. Антропосоциогенездің негізгі тұжырымдамалары. Адамдағы биологиялық және әлеуметтік. Сананың құрылымдық-функционалдық сипаттамасы. Бостандық пен шығармашылық адамның шынайы өмір сүру шарттары ретінде. Платонның «Мемлекет» атты еңбегіндегі әлеуметтік-философиялық мәселелер. Аристотельдің «Саясаты»: мазмұны, негізгі идеялары, әдіснамасы. Августиннің әлеуметтік-философиялық көзқарастары. Г. Гегельдің тарих философиясы. Аристотель іліміндегі философиялық білімнің ерекше саласы ретінде этиканы бейнелеу. Б. Спинозаның Этикасы. И. Канттың этикалық іліміндегі категориялық императив. Дж.Локктың

этикалық ілімі. Абайдың «Қара сөздеріндегі» этикалық ілімдер. Билікке деген ерік Ф. Ницше философиясының орталық идеясы ретінде. К.Маркстің «1844 жылғы экономикалық-философиялық қолжазбалардағы» оқшаулау (иеліктен шығару, отчуждение) мәселесі. Н.Макиавеллидің «Патша» еңбегіндегі мораль мен саясат. Т. Мордың «Утопиясындағы» әлеуметтік шындықты және идеалды қоғам моделін сынға алу. Әл-Фарабидің «Ізгілікті қала тұрғындары туралы» трактатындағы этикалық көзқарастар. И.Канттың «Әлемдік-азаматтық жоспардағы жалпы тарих идеясы» еңбегіндегі әлеуметтік-философиялық көзқарастары. Ж.-П.Сартрдың философиялық іліміндегі еркіндік мәселесі. М.Вебердің «Протестанттық этика және капитализм рухы» шығармасындағы капиталистік қоғамның моральдық өмірін талдау. Г.Маркуздың «Бір өлшемді адам» еңбегіндегі қазіргі қоғамға сын. З.Фрейдтің «Мен және ол» шығармасындағы тұлғаның құрылымы. Э. Фромм «Иелену немесе болу»: қазіргі әлемдегі адамның өмірлік стратегиясы.

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

1. Нұрышева Г.Ж. «Философия» – Алматы: Інжу-маржан, 2016
2. Ғабитов Т.Х. Философия. Оқулық. Т.1-Т.2. - Алматы:2018
3. Карен Армстронг Иудаизм, христиандық пен исламдағы 4000 жылдық ізденіс: Құдайтану баяны/ Научн.редактор Кенжетай Д. –Астана, 2018
4. Нұрышева Г.Ж. «Философия» – Алматы: Інжу-маржан, 2016
5. Қазақбаева Ж.Р. Философия негіздері: оқу-әдістемелік құралы. Қарағанды: ЖК «АҚНҰР» баспасы, 2013
6. Есбол Ғ.Ш Философия: оқу құралы. - Қостанай, 2016
7. Кенни Э.Батыс философиясының жаңа тарихы : [оқулық] / Э. Кенни. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы. Қоғамдық қоры. - (Рухани жаңғыру. Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық).-Т. 4 : Қазіргі заман философиясы. – 2019
8. Гомбрих Э. Өнер тарихы : [оқулық] / Э. Гомбрих. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы. Қоғамдық қоры, 2019
9. Кенни Э.Батыс философиясының жаңа тарихы : [оқулық] / Э. Кенни. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы. Қоғамдық қоры. - (Рухани жаңғыру. Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық).-Т. 3: Қазіргі заман философиясының бастауы. - 2019
10. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру». <http://www.akorda.kz>. / Назарбаев Н.Ә. «Мәңгілік Ел. Годы, равные векам. Эпоха, равная столетиям» – Астана: Деловой мир Астана, 2014
11. Бегалинова К.К., Альжанова У.К. «Философия». Часть 1,2. –Алматы: Жібек жолы, 2014
12. Кенни Э. Батыс философиясының жаңа тарихы. Антика философиясы: [оқулық] / Э. Кенни: Ұлттық аударма бюросы. Қоғамдық қоры. - Т.1. - [б. м.]. – 2018
13. Рассел Б. «История западной философии» – М.: Издатель Litres, 2018
14. Джонстон Д. Философияның қысқаша тарихы: Сократтан Дерридаға дейін: [оқулық] / Д. Джонстон. - [б. м.]: Ұлттық аударма бюросы. Қоғамдық қоры, 2018
15. Кенни Э. Батыс философиясының жаңа тарихы. Орта ғасыр философиясы: [оқулық] / Э.Кенни: Ұлттық аударма бюросы. Қоғамдық қоры. - Т.2. - [б. м.]. – 2018
16. Бертран Р. «История западной философии» – М.: Издатель Litres, 2018
17. Сегизбаев О.А. «Қазақ философиясының тарихы». /перевод. Нурышевой Г.Ж., Сабит, 2017
18. Рақымжанов Б.Қ., Сағатова Ә.С., Мұқыш Қ.С., Әбжанов Т.Ы. Қазақ рухының философиясы: оқу құралы. – Қарағанды: ЖК «Ақнұр баспасы», 2013

19. Масалимова А.Р., Алтаев Ж.А., Касабек А.К. «Казахская философия». Учебное пособие. – Алматы, 2018.

Электрондық емтихан билетіндегі сұрақтарға жауаптарды бағалау критерийлері

Сұрақтың сипаты	
Практикалық – функционалдық құзыреттердің қалыптасу деңгейін анықтайды (пәндік салада әдістемелерді, технологиялар мен тәсілдерді қолдана білу)	
Сұрақ	Бағалау критерийлері
2 - сұрақ	пәндік саладағы мәселелерді шешу үшін әдістерді, тәсілдерді және технологияларды қолданады
	құбылыстарды, оқиғаларды, үдерістерді дәлелдейді, салыстырады, жіктейді; практикалық дағдылар негізінде қорытындылар мен жалпылаулар жасайды
	әртүрлі дереккөздерден алынған ақпаратты талдайды

ҮШІНШІ БЛОК СҰРАҚТАРЫ

Ғылымтану ғылыми білім саласы ретінде. ЖОО-дағы ғылыми пәндер. Ғылыми революция: негізі, тарихи түрлері, ғылыми білімнің дамуындағы маңызы. Ғылымның пайда болу теориялары. Ғылым әлеуметтік-мәдени құбылыс ретінде. Ғылым әлеуметтік институт ретінде. Ғылым дамуының негізгі кезеңдері, олардың өзіне тән ерекшеліктері: классикалық, классикалық емес және постклассикалық емес. Ғылыми таным, оның деңгейлері, құрылымы. Ежелгі заманда (Египет, Үндістан және Қытай) ғылымның қалыптасуының негізгі факторлары, алғышарттары мен ерекшеліктері. Ежелгі дәуірде ғылымның қалыптасуы. Жаңа Заман философиясында классикалық ғылымның қалыптасуы. Ф. Бэконның «Ғылымды Ұлы қалпына келтіру» манифесті. Ф. Бэконның эмпиризміндегі ғылыми таным әдісінің мәселелері. Р. Декарттың философиясындағы «Әдіс туралы пайымдау». Эмпиризм және рационализм – Жаңа Заман философиясындағы екі негізгі бағыт. Эпистемология ғылыми білімнің табиғаты мен құрылымын зерттейтін философияның бір саласы ретінде. Гносеология философиялық танымның бір құрылымы ретінде. Синергетика және оның XX-XXI ғ. ғылыми танымдағы рөлі. Ғылыми және ғылымнан тыс білім. Ф. Фейерабендтің әдіснамалық анархизмі. К. Поппердің сыни рационализмі. Адамзаттың тарихи-мәдени дамуы контекстіндегі ғылымның мәртебесі. Қазіргі әлемдегі ғылым мен білім. Өзара әрекеттесу механизмдері. Диалектикалық философиялық дәстүр контекстіндегі ғылымды түсіну ерекшеліктері. Позитивизмдегі және оның тарихи модификацияларындағы ғылымды түсіндіру. Ғылыми және философиялық білімнің тәртіптік ұйымы. Қазақстандағы философ мәртебесі. Ғылыми таным: құрылымы мен әдістері. Қазақстанда ғылымның қалыптасуының негізгі кезеңдері. Философияның ғылыми білім саласы ретінде қалыптасуы. Ғылыми теорияны құрудың диалектика-логикалық және позитивистік принциптері. Ғылыми білімді дифференциациялау / интеграциялау. Пәнаралық ғылыми зерттеулерді жүзеге асыру мәселесі. XX-XXI ғ. иррационалистік бағыттарындағы әдіс мәселесі. Ғылыми рационалдық және оның тарихи түрлері. Философия мен жаратылыстанудың тарихи байланысы. Сенім мен ғылыми білімнің арақатынасы. Ғылыми шығармашылық еркіндігі және ғылымның жауапкершілігі. Ғылымның адамгершілік жауапкершілігі. Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың өзіне тән ерекшелігі. Әлемнің жаңа ғылыми бейнесін қалыптастырудағы жаратылыстану ғылымдарының рөлі. Ғылым мамандығы: әлеуметтік сипаттамасы. Абайтану Қазақстанның тарихи-философиялық ойының бір бағыты ретінде. Қазақ философиялық ойының тарихындағы Фарабитану. Жаһандық эволюционизм XXI ғасыр ғылымының ерекшелігі ретінде. Ғылым философиясындағы адамзаттың жаһандық мәселелері. «Білімнің салтанат құруы және Сананың ашықтығы» «Рухани жаңғыру» бағдарламасының негізгі бағыттары ретінде. XX ғасыр философиясы мен техникасының негізгі бағыттары: гуманитарлық (технофобия), әлеуметтік-инженерлік бағыт (технократия). Араб-мұсылман

орта ғасырларындағы ғылыми білімнің даму ерекшеліктері. Техника философиясы және техникалық білім ерекшеліктері. Ғылыми теория: түсінігі, құрылымдық логикасы, тексеру критерийлері. Жаңғырту контекстіндегі ғылымның мәртебесі. Қоғамды басқарудағы әлеуметтік технологиялар. Ғылыми шығармашылық және инновация мәселесі. Әлемнің физикалық бейнесі: дамудың негізгі кезеңдері. Әлемнің химиялық бейнесі: дамудың негізгі кезеңдері. Әлемнің биологиялық бейнесі: дамудың негізгі кезеңдері. Антроптық принцип. Биосферадан ноосфераға көшу. К. Поппердің ғылыми тұжырымдамасы. Т.Кунның ғылыми тұжырымдамасы. И. Лакатостың ғылыми тұжырымдамасы. П. Фейерабендтың ғылыми тұжырымдамасы. М. Поланидың ғылыми тұжырымдамасы. Мәдениет пен ғылыми ойлаудың стилін қалыптастыру. Қазіргі заманғы мәдениет және ғылыми прогресс. Сциентизм және антисциентизм. Білім ғылымилығына критерийлер. Ғылыми және ғылымнан тыс білімді демаркациялау мәселесі. Ғылым құндылығы мен ғылым құндылық ретінде. Ғылыми қауымдастықтар және олардың тарихи түрлері. Ғылыми дәстүрлер ұғымы. Ғылыми революциялар контекстіндегі ғылыми рационалдық. Ғылымның философиялық негіздері. Әлемнің ғылыми бейнесі, оның пайда болуы мен функциялары.

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

1. Бегалинова К.К., Альжанова У.К. «Философия». Часть 1,2. –Алматы: Жібек жолы, 2014
2. Хасанов М.Ш., Петрова В.Ф. История и философия науки: учебное пособие. – Алматы: Бастау, 2016
3. Нұрышева Г.Ж. «Философия» – Алматы: Інжу-маржан, 2016
4. М. Ш. Хасанов, В. Ф. Петрова Б. А. Джаамбаева Ғылым тарихы мен философиясы: оқу құралы.-Алматы: Қазақ университеті, 2015
5. Артемьев А.И., Мырзалы С.К. История и философия науки: учебное пособие. – Алматы: Қазақ университеті, 2017
6. Д.Кішібеков Ғылым тарихы мен философиясы: оқу құралы. – Алматы: 2013
7. Кенни Э. Батыс философиясының жаңа тарихы. Антика философиясы: [оқулық] / Э. Кенни: Ұлттық аударма бюросы. Қоғамдық қоры. - Т.1. - [б. м.]. - 2018
8. Кенни Э.Батыс философиясының жаңа тарихы : [оқулық] / Э. Кенни. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы. Қоғамдық қоры. - Т. 3: Қазіргі заман философиясының бастауы. - 2019
9. Кенни Э.Батыс философиясының жаңа тарихы : [оқулық] / Э. Кенни. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы. Қоғамдық қоры. - Т. 4 : Қазіргі заман философиясы. – 2019
10. Бучило Н.Ф., Исаев И.А. История и философия науки: учебное пособие. – М.: Проспект, 2014
11. Абдильдин Ж.М. Собрание сочинений в пяти томах. – Алматы: Өнер, 2016.
12. Огурцов А.П. Дисциплинарная структура науки. М.,1998
13. Масалимова А.Р., Алтаев Ж.А., Касабек А.К. «Казахская философия». Учебное пособие. – Алматы, 2018
14. Мейр Ж., Оразалиев Б. Философия: Оқу құралы. Астана: Фолиант, 2014
15. Нуриев М.А., Аташ Б.М., Мошанов С., Маханова Н.Б. Қазақ философиясы: оқу құралы. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ: «Ұлағат» баспасы, 2014
16. Сегизбаев О.А. «Қазақ философиясының тарихы». /перевод. Нурышевой Г.Ж., Сабит, 2017
17. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру». <http://www.akorda.kz>.
18. Назарбаев Н.Ә. «Мәңгілік Ел. Годы, равные векам. Эпоха, равная столетиям» – Астана: Деловой мир Астана, 2014

19. Ғабитов Т.Х. Философия. Оқулық. Т.1-Т.2. - Алматы: 2018

20. Гомбрих Э. Өнер тарихы: [оқулық] / Э. Гомбрих. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы. Қоғамдық қоры, 2019.

**Электрондық емтихан билетіндегі сұрақтарға жауаптарды
бағалау критерийлері**

Сұрақтың сипаты	
зерттелетін пәндік саланы жүйелі түрде түсінетінін, зерттеу әдіснамасы саласындағы мамандандырылған білімін (жүйелік құзыреттерді) көрсетеді	
Сұрақ 3-сұрақ	Бағалау критерийлері
	ғылыми тұжырымдамалар мен ғылымның дамуының заманауи үрдістерін, теориялық және практикалық әзірлемелерді сыни тұрғыдан талдайды және бағалайды
	пәндік білімнің негізгі мәселелерін интерпретациялау барысында әдіснамалық тәсілдерді синтездейді
	үдерістерді, құбылыстарды, оқиғаларды талдау кезінде себеп-салдарлық байланыстарды анықтайды